

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 желтоқсандағы N 1491 Қаулысы. Күші жойылды - Қзақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Көмір өндіруге байланысты тау-кен өндірісін пайдалануға берілетін лицензиялардың сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысының 1-қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

3-ші бағанның, реттік нөмірі 5-ші жолы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"көмір өндіру өндірісін пайдалану";

3-ші бағанның, реттік нөмірі 7-ші жолындағы "өртену қаупі баржәне тау-кен өндірістерін" деген сөздер" (көмір өндіру өндірісінен басқа)" деген сөздермен толықтырылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*